

## **Аңдатпа**

Бұл дипломдық жұмыста «КТТ – АҚ» жүйелерімен екі қозғалтқышты электр жетегінің құрылымдық сұлбасын құру қарастырлған. Ленталы конвейердің екі қозғалтқышты электр жетегінің басқару жүйесінің синтезі, жылдамдық бойынша кері байланысы бар «КТТ – АҚ» тұйық контурлы жүйесінің параметрлерімен орындалды. Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электр қауіпсіздігі мен зиянды өндірістік факторлар қарастырылып, көмір шахтасындағы еңбек жағдайына талдау жүргізіліп, жұмыс орнының жарықтануы мен жасанды жарықтандыруға есептеулер жүргізілген. Экономикалық бөлімде шахта конвейерінің екі қозғалтқышты электр жетегінің екі баламалы жүйесінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау арқылы экономикалық тиімділікті бағалау жүргізілген. Нәтижесінде экономикалық тұрғыдан тиімді нұсқа таңдалған.